

Маңызды стратегиялық мәні бар тауарларды, жұмыстар мен қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 тамыздағы N 858 қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес, Алматы қаласы әуежайы жолаушылар терминалын салудың сапасын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Имсталькон" ашық акционерлік қоғамының N 1 Алматы монтаждау фирмасы жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде маңызды стратегиялық мәні бар ретінде Алматы қаласы әуежайы жолаушылар терминалының жаңа ғимаратын салу жөніндегі тауарларды, жұмыстарды, қызметтер көрсетуді беруші болып белгіленсін.

2. Алматы қаласының әкімі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі